

«Қош келдің, Әз Наурыз» сценарии.

Әдемі әуен ойнап тұр

Ене мен Келін

Ене:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын

Ұлы күні ұлыстың,

Басы болғай ырыстың.

1.Қымбатты қонақтар, баршаңызды жақсылықтың лебізіндей жыл құсымен бір келер Наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Ұлыстың ұлы күнін қазақ халқының ұлттық әнімен ашқымыз келіп отыр.

Ене: Келін науырыз келгенде ең бірінші келін не істеу керек?

Келін: ең бірінші науырыз көже пісіреді!

Ене: жоқ, сен қателесесің . Ең бірінші ол қонақ шақырады»!

Келін; ендеше бізде келген қонақтарға көңіл бөлейік.

2. Ән: «Наурыз біздің жаңа жыл »

3. Келесі кезекті балалардың тақпақтарына берейік

-1 бала:**Бекарыс**

Жылдың басы наурыз,

Жырдың басы наурыз.

Наурызға арналсын,

Бүгінгі жыр әніміз.

2 бала: **Аделя**

Жылдың басы наурыз

Жердің басы науры

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр әніміз.

3 бала: **Айым**

Көктем келді балақай,

Жасарды жер, алақай

Наурыз тойын тойлайық

Әсем әнге салайық.

4 бала: Ардақ

Той думапға келіңіз

Тамашалап көріңіз

Ән айтайық бәріміз

Қол соғайық бәріміз !.

4.Байғали мен Айлин ақындарымыздың айтысы.



5.Тәрбиеші: Датарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті кемпірлердің « Сәулем-ай» әніне кезек берейік.

6.Ұлттық ойын «Арқан тартысу», «Асық ату», « Қол күрес» т.б

7.Қыздардың «Поппури» биі.

8. Барлық бала ортаға келіп **«Қара жорға»** биіне шығады.

9 .Тәрбиеші: Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер –дегендей Айгүл Апай бізге бата берсін.

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Қайда барсаң, жол болсын!

Төрт-түлік ақты болсын!

Бәле –жәле жерге енсін!

Әумин!



Бекітемін:

Гаухар-Тас» балабақшасыны меңгерушісі:

Куршенова Г.С.-----



тобы: «Жұлдыз»

Тәрбиешісі: Сүйеуова К.

2025-2026 ж

